



# Ақмешіт

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

Аялаймын сені, Қызылорда!

1 маусым  
сейсенбі  
№43 (1745)  
2021 жыл



## ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ



31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Бұл тарих жылнамасында қазақ баласына өшпестей жара салған қасіретті күн. Жұбанша айтар болсақ «Мың өліп, мың тірілген» қазақ жұрты өз тарихында небір нәубетті кезеңдерді басынан өткерді. Қысым көрді. Асылды, атылды. Ол күндердің күркірі әлі күнге ел жадында сақтаулы.

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарына арналған ескерткішке арнайы гүл шоғы қойылып, Құран оқылды. Тағылымды шараға аймақ басшысымен бірге облыстық мәслихат хатшысы Н.Байқаламов, қала әкімі Ф.Қазантаев, облыстың бас имамы Б.Әбуов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев қатысты.

Ескерткішке гүл қоюға келген қала тұрғыны Галина Қасымқызы атасының ақталғанына шүкіршілік ететінін жеткізді. Өткен күнге өкпемен қарайтын қарияның жүзінде бүгінгі бейбіт күнге деген қуаныш лебі есіп тұрғандай әсер етті.

– Мен және отбасым үшін бүгінгі күннің маңызы ерекше. Атам Бедел Мамбетұлы сол заманғы солақай саясаттың құрбаны болған. 8 баласымен бірге Қарағанды түрмесінде ату жазасына іліккен. Ондағы таққан кінәсі атам кезінде бай, би болған кісі еді. «Халық жауы» деген жазықсыз жала жауып, бір түннің ішінде алып кеткен. Атам Жалағаш ауданы, Таң ауылында тұрып халыққа қамқор болған кеңестің адамы еді. Шүкір бүгінде содан тараған 32 ұрпақ атын өшірмей ізін жалғастырып келеді. Жалғыз менің атам емес, ел ішіндегі дәулетті деген жандардың барлығын жинап, сол қара тізімге енгізген. Бұл ұлттымыз үшін ең қасіретті күн саналады. Жыл сайын осы ескерткіш алаңына келіп аталарымыздың рухына құран бағыштаймын. Арада қанша уақыт өтсе де сол бір зұлмат заман жарасы жүректен сыз болып сақталып қалды. Ендігі жерде елге амандық тілеймін, – дейді Галина Қасымқызы.

Иә, бұл тарих тұғырынан түспейтін, ел есінде ескірмейтін естелік. «Мың өліп, мың тірілген» қазақ жұртының көрмеген құайы жоқ. Алайда күркіреген күндей болып ол замандар да зығып өте шықты. Арыстардың есімі азаттықтың ақ таңы атқан алтын дәуірде ұмытылмай ұлықталып келеді. Бұл – тарихқа тағзым. Бүгінде кастерлі қазақ топырағы бейбітшіліктің қара шаңырағына айналды. «Орында бар оңалар» деп бекер айтылмаған. Сыз боп қатқан көңілге күн түсіріп, мұз боп қатқан жүректі жібітетін – артында қалған елдің амандығы мен тыныштығы.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

### МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Жаз айы жақындап, бақша маусымы басталғанда Қызылордада ауыз су өзекті тақырыптың бірі болуы дәстүрге айналған. Жыл сайын дәл осы уақытта қаладағы тұрғындар «Қызылорда су жүйесі» қызметіне жиі сын айтады.

## АУЫЗ СУДА АҒАТТЫҚ БАР МА?

### ТҮРҒЫНДАР ТАЛАПҚА САЙ СУДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ

«Facebook» әлеуметтік желісі соңғы уақытта білік пен халықтың арасындағы «алтын көпірге» айналғаны рас. Жауаптылардың жеке қабылдауына кіре алмасаныз, желіде жазба жариялап, жауапты мекемені белгілей саласыз. Олар да өз кезегінде лезде жауап беруге машықтанып алған. Осы орайда «Қызылорда су жүйесі» мекемесінің ресми парақшасына соңғы 2-3 аптада тыным болмады. Себебі тұрғындар бар наразылығын сол жерге жазды.

Желі арқылы тұрғындар судың сапасына наразылық білдірді. Олардың айтуынша, ауыз су ағатын краннан қалдығы қоныр түсті су ағады екен. Бұл суды әрине, пайдалану мүмкін емес болғандықтан, оны газарар деген үмітпен тұрғындар ағызып қоюға мәжбүр. Ал сол лас су үшін су есептегіш айналып, өз қызметін атқарып тұрады. Сондықтан «далаға» аққан лас суга тұрғындар ақша төлеуге мәжбүр.

Одан бөлек, бір апта бұрын әлеуметтік желіге «су жоқ» деп жанайқай жазғандар да болды. Олардың айтуынша, 3-4 тәулік бойы үйлеріне қалдығы ауыз су келмеген. Тұрмысқа пайдаланған былай тұрсын, тамақ дайындап ішуге суды қайдан алатындары жауапты мекемелерді алаңдатпаса керек.

Сонымен қатар тамшылап аққан су да тұрғындарды әбден зуре-сарсанға салды. Түнгі уақытты күтіп, су толтырып алу қызылордалықтардың күнделікті ісіне айналды. Олардың көбі ауыз су арнайы насосты іске қосқанын өзінде тамшылап ағатынына, құрығы көмегіңіз мұлде су ақпай қалатынына наразы.

Осы ретте тұрғындардан арнайы пікір алуды жөн көрдік. Әл-Фараби көшесінің тұрғыны осы ауыз суга қатысты кемшілікті атап айтты. «Көшіп келгенімізге 5 жылдан астам уақыт болды. Жаз басталса болды, судан проблема басталады. Әлеуметтік желіге жазсақ та еш нәтиже жоқ. Су насоссыз мұлде ақпайды. Насосты іске қосқанын өзінде



сырылдап қана ағады. Жыл сайын осы мәселе. Бұл мәселені көтеріп, әкімдікке арнайы хат та жазғанбыз», – дейді Әл-Фараби көшесінің тұрғыны. Тұрғынның айтуынша, желіге жарияланған жазбадан кейін мамандар арнайы келіп тексеріп кетеді. Олар келген кездің өзінде су сырылдап ағып, кеткен соң тоқтап қалады екен. Мәселеге орай, әкімдік те тұрғындардың хатына жауап берген.

Қала әкімінің орынбасары А.Есжановтың атына жазылған тұрғындардың арызына қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық жөлушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Біржан Далабаев жауап берген. Хатта тұрғындардың Титов қыстағы, Қызылжарма ауылдық округі мен Әл-Фараби шет аймақтарындағы ауыз судың тапшылығына байланысты «Қызылорда су жүйесі» мекемесіне арнайы жауап алынғаны жазылған. Қаладағы су жүйесі бөлімге бұл мәселені шешу үшін қалалық құрылыс бөлімі арқылы жаңадан ұңғыманы бұрғылау үшін тапсырыс беріліп, қазіргі таңда жоба-сметалық құжаттары дайындалуда деп жауап берген. Проблеманы шешу мақсатындағы жұмыстың алғашқы қадамы айтылғанымен, оның қашан шешілетіні туралы хатта жазылмаған.

2 БЕТТЕ

### СҰХБАТ

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Дәл осы күні күллі қазақ елі сол кездегі солақай саясаттың кесірінен жазықсыз құрбан болған, отанынан жыраққа қудаланып кеткен жандарды еске алады. Қолдан жасалған нәубетті, көңілден өшпес қасіретті жылдарды еске алғанда қазақтың деген әрбір жанның жүрегі қан жылайды. Осы орайда қуғын-сүргінге ұшырағандарды зерттеп, ақтап алу үшін еңбектеніп жүрген өмірдегі тарихшы, ғылым кандидаты – Айтжан Оразбақовпен сұхбаттастық.

## ҰЛТ ТАРИХЫНДАҒЫ ҚАСІРЕТТІ КЕЗЕҢ



– 31 мамыр. Сіз дәл осы күні неі ойлайсыз?

– Бұл күні мен тарихқа шолу жасап, Қазақстанның мемлекет болып дамуына өз үлесін қосқан азаматтарды еске түсіріп, еткен еңбектерін ой елегімен өткіземін. Олардың жете алмаған мақсаттарының орны бүгін толды ма, толтыру үшін қазіргі ұрпақ не істеп жатыр деген ой келеді.

– «Жанпай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» туралы заң 1993 жылы 14 сәуірде қабылданды. Осы заң қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға қандай үлес қосуда?

– Қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға арналған өңірлік комиссияда қызмет етіп жүргендегі бір байқағаным – бізде әлі де «кенестік», тоталитарлық көзқарас бар екен. Қарапайым жұмысшылар, ату жазасына лайықты емес қылмыскерлер немесе жала-жабылған жандар әлі де болса ақталмаған. Яғни 1993 қабылданған заң өз ісін толық іске асырған жоқ. Әлі де ақталмаған жандар бар, оларды ақтау үшін көп еңбектену керек.

– Қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мақсатында құрылған өңірлік комиссия бүгінде өз жұмысын атқарып жатыр. Осы орайда сіз бұл комиссияның қызметіне қандай үлес қосып жүрсіз?

– Комиссия мүшесі ретінде қуғын-сүргіннің құрбаны болып, әлі де болса ақталмай жүргендерді анықтау үшін еңбектеніп жатырмыз. Бұл жерде біздің қолымызға «Қарақұм» көтерілісіне қатысқандардың, 1937-1938 жылдары репрессияға ұшырағандардың ісі тиіп жатыр. Одан бөлек, жала жабылып қудалауға ұшырағандар, «Түркістан» легионына қатысқандар мен Кеңес армиясы қатарынан Ұлы Отан соғысына аттанып, асыра сілтеушіліктің нәтижесінде қудалауға ұшырағандар бар. Міне, осы істердің барлығын қарап жатырмыз.

2 БЕТТЕ

### БАЛАЛАР КҮНІНЕ ОРАЙ

## ОЙЫНШЫҚТЫҢ ДА ОЙЫНШЫҒЫ БАР



– Әке, ойыншық алам.  
– Өткенде алдық қой, қызым.  
– Жана ойыншық бар екен, әке, менде ондай жоқ. Балжанда бар. Түрлі-түсті, өзі сондай әдемі. Екеуіміз бірге ойнаймыз. Жұмыстан шаршап келгенде жүйкеңізді демалдырады.  
– Мен сенімен демаламын қызым. Ал саған алдағы уақытта көрерміз...  
– Мен саған қыз болмаймын, – деп Бегім қиғылық салды. Оның сұрағаны соңғы кезде балалар арасында көп сұранысқа ие болған антистрессік ойыншықтар.

Иә, бала дүниетанымының дамуына ықпал жасайтын бірден-бір дүние – ойыншық. Сапалы әрі пайдалы ойыншық болса жақсы. Қазіргі кезде ойыншық таңдау баланың өз еркінде. Себебі түрлі мультфильмдегі кейіпкерлер бейнесіндегі ойыншық жетерлік.

Ойыншық – баланың жан дүниесін тыныштандыратын, түрлі идеялар тудыратын, мазасыздығын қалпына келтіретін бірден-бір құрал. Дегенмен қазіргі кезде қоғаммен бірге күннен-күнге түрленіп, жаңарып жатқан антистрессік заттар, сіресе балаларға арналған ойыншықтар көбеюде. Бір ойлантарлығы, бесіктен бөлі шықпаған балдырғандарға жүйкені демалдыратын ойыншық неге керек? Олар рәсіммен көңіл-күйді ретке келтірме, әлде жүйкені тоздыра ма деген екі ұшты сұрақ та бар.

4 БЕТТЕ

## ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК

Биыл ел тәуелсіздігіне 30 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында жеткен жетістік аз емес. «Тәуелсіз Қазақстанның дамығанын бір ғана Қызылордадан көруге болады» деген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзінің жаны бар. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бері даму динамикасы сатылап өскен Сыр өңірі салтанат көшіне иелесті. Мұның барлығы – бекем бірлігіміз бен тату тірлігіміздің жемісті нәтижесі. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Тәуелсіз Қазақстанды барлық жағынан дамытуда ерен еңбектің үлгісін танытты.

Жуырда «Достық үйінде» «Елбасы және Тәуелсіздік» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті. Оған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Қазақстан ардагерлері» қауымдастығының төрағасы Бақытбек Смағұл, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қызылорда облыстық «Азаматтық Альянсы» қауымдастығының төрағасы Анар Ізден, «Ауған соғысы ардагерлері мен мүдедектері кеңесі» қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы Әлібек Жаров және онлайн режимде аудан орталықтары қатысты.

– Бүгінгі жиынның маңызы ерекше. Расымен де Тәуелсіздік жылдарындағы Елбасының ерен еңбектері ел назарында. Қазақстанды ақсатуды емес, асқататуды ойлаған Елбасы – Нұрсұлтан Әбішұлының өмір жолы адамгершіліктің ақ туындай іспетті. Бір ғана мысал, еліміз тәуелсіздік алғалы Арал проблемасын шешу жолында Елбасы ерен ерлік танытты. Осы іспетті өткен 30 жылда шет мемлекеттердің қолдауымен Қызылорда облысында ел игілігі үшін жарқын жобалар жүзеге асты. Осындай зор қолдаудың нәтижесінде жалғыз Қызылорда ғана емес жалпы қазақ елі ертенге атар жарқын таңын айшықтайтын тамаша жетістіктерге жетті. Бұдан былай да әрбір өңірдегі әр саладағы толағай табыстармен рухтанып, егемен еліміз еңесін тік ұстап келер күндерге кемел қадам баса берсін деп тілеймін, – дейді ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Бақытбек Смағұл.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев тәуелсіздік жылдарындағы жеткен жетістіктерді жіпке тізгендей жеткізіп берді.

– Биыл тәуелсіздік ел атанып, еңсе тіктегенімізге 30 жыл уақыт толып отыр. Осы жылдар ішінде елімізді әлем таныды. Тамыры тереңге тарқан салт-дәстүріне бекем бағаналы еліміз талай әлемде бағындырды. Бұл жолда қазақ елі кастерлі толқуларды басынан өткерді. Халқымызда «Атылған оқ ұңғысына, айтылған сөз ауыз қуысына қайта оралмайды» деп әр сөздің қасиетін бағалай білген. Сол қасиетпен елдің ынтымағын ұйытып, тірлігін түзген отырған. Осындай ұлт ұстанымын алға ұстаған ел басшылығының ұсынысымен 1987 жылы ардагерлер ұйымы құрылып, оның құрамына елге еңбегі сіңген ардагерлер топтастырылды. Содан бері бұл ұйым ел үшін ең керекті екенін іспен және ізгілікпен дәлелдеп келеді.

Қазіргі таңда облыста 723 бастауыш ұйымға топтасқан 74 мыңнан астам ардагерді біріктірген облыстық ардагерлер кеңесі қуатты ұйымға айналды. Олардың әрбірі – бір-бір әулеттің алтын дінгеі. Үлкендердің айтқаны кейінгілер аттап кете алмайтын ар сөзі. Сондықтан ел игілігі жолында ұйым тарапынан жасалып жатқан жұмыстар жеткілікті. Мұның барлығы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының еңбегімен жасалған ерлік істер. Тәуелсіз Қазақстан дамуы жолында бізге қажеті – елдің бірлігі. Ал ардагерлер сол бекем бірлігіміздің бағдаршамындай, – деді Серік Дүйсенбаев.

Жыны қорытындысында «Ауған соғысы ардагерлері мен мүдедектері» қоғамдық бірлестігінің бірқатар мүшелері облыстың Құрмет грамотасымен және алғыс хатымен марапатталды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

### АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ» АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Міне, баспасөзге 2021 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу басталды.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!

Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08



Бір ғана мысал, кейбір істерді қарап отырып, «Басқалар осыдан сабақ алсын, қорықсын» деген оймен жазықсыз адамды ату жазасына кескендерін байқауға болады. 1943-1944 жылдары Солтүстік Кавказ халықтары көптеп қудаланды. Олардың көбісі «фашистерге қызмет етті» деген жаламен атылды. Бірақ ондай адамдар орыстардың, украиндар мен өзге де ұлттардың қатарында болды. Егер сатқындарды қудалайтын болса, барлық «Кенес үкіметі» халқын қудалау керек болар еді.

Мұндай істердің арасында қазақ азаматтарына да осындай жала жабылғаны байқалады. Мысалы, соғыс аяқталуға жақын, фашистердің жеңілетіні белгілі болған шақта, 1944 жылы төрт қазақ жігіті соғысқа аттанады. Соғыста жүрген кезінде оларға «немістерге көмектесті» деген айып тағылады. Бұл дегеніміз ақылға қонбайтын нәрсе. Соңында үшеуін 10-15 жылға, ал біреуін ату жазасына кескен. Ату жазасы солдаттардың көз алдында жасалған. Міне, осындай істерді ақтарып отырып жалған жала жабылып, өзгеге сабақ болсын деген оймен жасалған іс көп болғанын байқаймыз.

— Бүгінге дейін құрбандардың есімін жаңғырту, ақтау үшін тек өз ұрпақтары ғана еңбектенгені рас. Осы арада бұл атқарылған жұмыстарға мемлекет пен тарихшылардың үлесі қандай?

— Қазір де айтып жатырмыз, бұған дейін де айтып жүрдік. Егер ақталмаған, жазықсыз құрбан болған ағайын-туыстарыңыз болса бізге хабарласа болады. Өз кезегінде біз ақтау комиссия мүшесі есебінде ол азаматтар туралы мәліметтерді архивтерден іздеп, егер ақтап алуға болатын болса істі зерттейміз.

Жалпы архивте қуғын-сүргін ұшырағандардың құжаттары бар. Олардың ішінде 1950 жылдары өздерін ақтау үшін немесе балалары әкімшілікке, прокуратураға арыз жазған. Өкінішке орай, мұндай арыздар көп емес. Кейінгі жылдары мұндай арыздар мүлде жазылмаған деуге болады. Мен осы жұмыс барысында қаланың бір тұрғыны жазған арызды көрдім. Одан кейін, ондай арыз қатары сиреп кеткен.

Міне, сол себептен ұрпақтардың бізге көмегі керек болады. Себебі ол кісілердің өздері қайтыс болды. Сол үшін енді ұрпақтары бізге хабарласа — зерттеу жұмыстарын жүргізу оңай болады.

— Қудалауға ұшыраған «Алаш арыстары» Қызылорда өңірінде болды дейді...

—Революциядан кейін Алаш зиялылары көбіне Семей, сол кездегі астана болған Қызылордада жинақтала бастады. Алматы астана атанған тұста біреулер көшті, ал бірсыпырасы осы өңірде қалды. Олардың барлығы, қазақ зиялылары, қазақ интеллигенциясы толығымен қудаланып кетті. Маған, кейде Сталиннің әкімшілігі «Кенес үкіметіне бас көтеретін болса осы қазақтардан шығуы мүмкін» деп сескенді ме деген ой келеді...

Басы 1-бетте

## ҰЛТ ТАРИХЫНДАҒЫ ҚАСІРЕТТІ КЕЗЕҢ

Сол себептен қазақ халқының зиялыларын құртуды өздеріне мақсат еткен секілді. Себебі халық зиялысы болмаса оларды басқару оңай болады. Өзге ұлттарда көтерілістер болғанымен, Алаш зиялылары секілді үлкен бас көтеру, қарсы шығуларды ұйымдастырмады. Мұндай мақсат Лениннің кезінде де болған. Себебі 1917 жылғы Қазан революциясы кезінде ол Түркістан өңіріндегі билікке жергілікті ұлт азаматтарын жақындатпаған.

— Қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мақсатында құрылған өңірлік комиссияның өз қызметін бастау

кездегі облыс орталығы Шымкент қаласы болып, барлық іс сол жаққа жіберілген. Соның нәтижесінде көптеген Сыр өңірінің азаматы сол Шымкентте атылып кеткендіктен істері сол жаққа қалған. Егер оларды да қосатын болсақ, репрессияға ұшырағандар саны одан да көп болуы мүмкін.

1990 жылдары қудалауға ұшырағандардың тізімі газет беттеріне жарияланды. Одан бөлек НКВД-ның құжаттары қазіргі ҰҚК архивінде де жоқ болып шықты. Тек бір бланканы таптық. Оның ішінде қай кезде, қанша адам және қандай іс бойынша атылғаны туралы

лануы себеп болған. Ол істі жүргізген кезде айыпталушыны тергеп, кейін хаттаманы өз бөлмесіне барып, мән-мағынасын өзгертіп жазған.

Одан бөлек, бір қазақ азаматына жүргізілген тергеу туралы құжатты көрдім. Оның ішінде «Кенес әскеріне оқ аттым», «Партизандарға қарсы соғыстым» деген ешкім дәлелдей алмайтын, ақталу мүмкін емес жазалар тағылған. Ал бір қызығы, ол азамат бұған дейінгі өзін жазықсыз деп айтқан хаттамалардағы қолтаңбасында құйрықшаны жоғарыға, ал ақталу мүмкін болмайтын хаттамаларда төменге қарай қайырған. Мү-



нына бір жыл уақыт болды. Бұл комиссияның маңыздылығы қандай және оның негізгі мақсатына жетуде қандай қиындықтар кездесуе?

— Комиссияның негізгі мақсатына жету, шынын айтқанда, өте қиын. Оған жету үшін әлі де болса көптеген мәлімет керек. Мәселен, біз Қызылордада атылғандарды білеміз. Ал олардың нақты қай жерде атылғанын біз тек халық аузынан естідік. Ол істер қазіргі Арай, Қарауылтөбе мен Батыс шағын ауданында жүзеге асқан. Одан бөлек, қазақтардың бейбітшілігі жанында молдалар атылды деген әңгіме бар.

Ал архивтен осы мәліметтерді іздегенмен, ол туралы бірде-бір ақпарат жазылмаған. Атуды ұйымдастырған команданың рапортын кездестірдік. Бірақ ол рапортта «А» бөліміне істің орындалғандығы және қай жерде екені туралы ақпаратты өткіздік» деп қана жазылған. «А» бөлімінің құжаттарын табу мүмкін болмады.

Жоғарыда айтқандай, көптеген істерді анықтауға олардың ұрпақтары көп септігін тигізе алады. Кезінде белгілі журналист Мырқы Исаев Қызылордада 1000-нан астам адам атылған деп жазды. Біз істерді зерттеу барысында тек 1938 жылдан бастап ату жазасына кесілгендердің ісін көрдік. Бұған дейінгілер жоқ.

Ал НКВД қызметкерлерінің жазған хаттамаларында «Барлық ақпаратты облысқа жібердік» деп қана жазған. Ол

жазылған. Ол жерде істі жасырып қалу үшін «Харбин ісі», «Поляк ісі», «Иран ісі» делінген. Бұл құжат бір айға, 25 қыркүйек пен 1 қараша аралығындағы мерзімге толтырылған. Міне, осы 35-36 жету, шынын айтқанда, өте қиын. Оған жету үшін әлі де болса көптеген мәлімет керек. Мәселен, біз Қызылордада атылғандарды білеміз. Ал олардың нақты қай жерде атылғанын біз тек халық аузынан естідік. Ол істер қазіргі Арай, Қарауылтөбе мен Батыс шағын ауданында жүзеге асқан. Одан бөлек, қазақтардың бейбітшілігі жанында молдалар атылды деген әңгіме бар.

— Жалпы осы қудалауға ұшырағандарды анықтап-ақтауда тарихшы ретінде қандай үлес қосып жүрісіз?

— Комиссия мүшелігінде жүріп көптеген істі зерттедім. Қуғынға ұшыраған жандарды ақтау мақсатында ұсыныс хат жаздым. Бір ғана мысал, осы істерді жазғанда орысша өте сауатты жазылған. Ал бұл өз кезегінде тергеушіге өзі бастауға істі соңына дейін жеткізуге көп көмек тигізген. Қалай дерсіз?

Тергеуші істі орысша жазып, қол қойдыруға барған кезінде айыпталушы өзі тілді түсінбейді. Одан бөлек, хаттамада тергеудің қай кезде аяқталғаны жазылады. Сол арқылы айыпталушының түнгі уақытта дейін ұстағаны белгілі болып отыр.

Құжаттар арасында тергеушінің өзі де сотталып кеткені туралы ақпарат кездестірдік. Оған қызметін асыра пайда-

кін осы арқылы бір белгі бергісі келді ме екен деп ойлаймын?..

Міне, осыларды зерттеу арқылы сол кезде асыра сілтеушілік көп болғанын байқаймыз. Бұған дейін Арал ауданының азаматтарын ақтауға өтініш жаздым. Өйткені олар айдауға ұшырайтындай іс жасамаған. Бар айыбы — облыстан келген өкілді ұрғаны. Себебі олар халыққа етті көбірек тапсырып, жоспарды орындау туралы бұйрық берген. Ал олар өз кезегінде бұған қарсы шығып, халық аш қалатынын айтқан.

Қысқасы, бізде қазір жұмыс өте көп. Іздеушісі қалмаған қанша азамат бар. Солардың барлығын қолдан келгенше ақтап алу керек.

— Қазіргі өскелең ұрпақ қуғын-сүргін туралы айтқанда қалай қабылдайды?

— Студенттерге бұл туралы айтқанда көбіне таңғалады. Олар мұндай жауыздыққа қалай баратынын, жазықсыз адамды қалай жазалауға болатынын түсінбейді. Себебі олар қазіргі өз ойын ашық айта алатын, ақиқат пен шындық бар заманда өсіп-өнді. Сол себептен қазіргі жастарға бұл туралы көбірек айту керек. Олар оның маңызын түсініп, келешекте мұндай деңгейге жетпес үшін тарихты білу керек.

— Риясыз әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Аслан ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

Откен аптада қала әкімі Ганибек Қонысбекұлы «Сабалақ» саяжайына барып, ауыз су желісін тарту жұмыстарының барысын қадағалап қайтты. Аралау барысында шаһар басшысы сабалақтық тұрғындарды да өз жаңалығымен қуантты.

## САБАЛАҚҚА СУ БАРМАҚ



Қала әкімінің айтуынша, биыл «Сабалаққа» ауыз су беріледі. «Жоспарымыз бойынша тамыз айында тұрғындар таза ауыз суды тұтыну мүмкіндігіне ие болады», — дейді Ганибек Қазантаев. 2018 жылы арнайы әзірленген жоба аясында I кезеңде ұзындығы 17 шақырым болатын магистральді ауыз су құбыры жүргізілген. Ал II кезеңін жүзеге асыру үшін өткен жылы Ұлттық қордан қаржы қаралған. Енді биыл осы жоба толығымен жүзеге аспақ. Бұл үшін қала басшысы жауаптыларға су желісін жүргізуді жоспардан кешіктірмей, дұрыс уақытында беру керектігін ескертті.

Одан бөлек, шаһар басшысы «Сабалақта» атқарылатын өзге де бастамаларға тоқталып, саяжайдың дамуына серпін беретін шаруалар туралы айтты. Оның ішінде саяжайға электр желісі тартылмай қалған аумақтарға желілер тарту мен орталық көшелерді жарықтандыру мәселелері бар.

Сонымен қатар қала әкімі демеушілер есебінен салынып жатқан, келешекте екі ауысыммен жұмыс істейтін мектеп құрылысының жай-күйін де көзбен көріп қайтты.

Қызылорда өңірінің ауыл шаруашылығы саласында мал бағу мен өсірудің елеулі үлесі бар. Аймақ шаруалары жыл сайын қамбаны астыққа толтырып, мал басын көбейтуде серпінді еңбек етіп келеді. Оларға мемлекеттен де беріліп жатқан көмек аз емес. Нәтижесінде шаруашылықты қолға алған, осы салада еңбек етіп жүргендер қатары артып келеді.

## КӘСІПТІ КЕҢЕЙТУГЕ КӨМЕК КӨП



Мемлекеттен қолдау алып, бүгінде өз шаруасын дөңгелетіп отырған бір азамат — Нұрым Нұрқелдіұлы. Ол «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамының қаражаттық көмегімен бүгінде жүк тасымалдайтын көліктер сатып алды. Қолдау нәтижесінде кәсібін дөңгелетіп отырған Нұрым Салдықбеков бұл үшін мемлекетке алғашқы алыды.

Оның сөзінше, бизнесті дұрыс дамыта білген адам тек неснені жабу емес, сонымен қатар кәсіпте де жоғары жетістіктерге жете алады. Ол «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы 6 проценттік өтемақымен 5 жылға 6 млн теңге қаражат алған.

— Бұл мал шаруашылығына ыңғайлы көлік. Мемлекеттің мұндай қолдауы кәсіпті дөңгелетуге оң пайдасын тигізеді сөзсіз, — дейді «Нұрым» ШҚ-ның басшысы Нұрым Нұрқелдіұлы.

«Ақмешіт-ақпарат»

## АУЫЗ СУДА АҒАТТЫҚ БАР МА?

### «СУ ЖҮЙЕСІ» НЕ ДЕЙДІ?

Біз де мәселенің мәнісін анықтау үшін «Қызылорда су жүйесіне» барып, басшылықтан мәселенің мәнісін білуге тырыстық. Тұрғындардың «жоғары қабатқа су көтерілмейді», «су мүлде ақпайды» деген шағымдарына жауап беруін сұрап, хат жолдадық. Бұл хатқа коммуналдық мекеменің басшысы Марат Жамиевтің атынан 24 мамырда жауап келді.

Мекемеден келген хат жауабында қала тұрғындарына берілетін ауыз судың сапасы «Су көздеріне, шаруашылық мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылықты ауыз сумен жабдықтауға, суды мәдени тұрмыстық пайдалану орындарына және су нысандарының қауіпсіздігіне қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптарына» сай келетіні және күнделікті кәсіпорының базалық зертханасы мен қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы тарапынан әрдайым қалдағанатыны жазылған.

Ал соңғы уақытта судың ластануына байланысты хатта: «Қалада қыста тәулігіне 40-42 мың текше метр ауыз су өндірілсе, жаз айларында бұл көрсеткіш 80-86 мыңға дейін жетеді. Яғни су ағысының артуынан құбыр түбіндегі құм-топырақ жоғары көтеріліп, су сапасы нашарлайды. Осы себептен орын алған

олқылықтарды алдын алу мақсатында мекеме су жүйелеріндегі өрт гидранттары арқылы жуып-шаю жұмыстарын жүргізген. Қазіргі кезде «тұрғындарға сапалы таза ауыз су берілді», — деп жазылған.

Ал судың қысымының төмендігі, кей қабатты үйлердің жоғарыдағы пәтерлеріне су келмеуінің себебін сұраған сауалымызға: «Қазіргі таңда орталық ауыз су жүйесінде судың қысымы 2,2 атмосфера болатын болса, қаланың шет аймақтарында 1,7 атмосферамен қамтамасыз етіледі. Көпқабатты тұрғын үйлердің жоғарғы қабаттарында ауыз судың қысымы бірқалыпты жеткілікті деңгейде, тұрғындар тарапынан арыз-шағымдар жоқ», — делінген «Қызылорда су жүйесі» мекемесінің басшысы Марат Жамиевтің атынан келген жауап хатта.

### «СУДЫ ҮНЕМДЕУ ТЕК БІЗ ҮШІН КЕРЕК»


Мәселенің мәнісін білу мақсатында осы саладан хабары бар азаматтардың да пікірін сұрауды жөн көрдік. Бізді алаңдатқан судың ластануы, қысымының төмендеуі, кейде тіпті мүлде ақпауы секілді проблемалардың себебін сұрадық. Бұл мәселелер туралы техника ғылымдарының докторы, облыстық мәслихат депутаты Серікбай Ыдырысұлы өз ойымен бөлісті.

— Ауыз су мәселесі қалада, облыста өз шешімін тауып келеді деуге болады. Қала халқы жыл сайын өсіп, аумағы да кенееде. Сол үшін таза ауыз сумен тұрақты қамтамасыз ету — ең басты мәселе. Бүгіндері негізгі су жеткізуші құбырлар пластикке алмастырылған. Ауыз су жүйесі стратегиялық нысан болып табылатындықтан, регламентке сәйкес үздіксіз бақылау жүргізіледі, — дейді Серікбай Өмірзақов.

Зертханаға алынған су ондаған өлшем бойынша тексеріліп, санитарлық талапқа сай болуы қадағаланады екен. Егер қандай да бір кемшілік анықталса, оны жою үшін мамандар дереу жұмысқа кіріседі.

Ал су сапасының нашарлауының себебін орталық сумен жабдықтау жүйесі аламитехникалық факторларға тәуелді болғандықтан бұзылып қалудан болатынын түсіндірді: «Жас-сыратыны жоқ, кей кезде лас, жағымсыз иісті немесе хлордың иісі бар су ағатын кездер болады. Жалпы тұйықталған жүйе болғандықтан кей жерде су ұзақ тұрып қалуы мүмкін. Сонымен қатар құбырға жондеу жұмыстары жүргізілген кездерде құм түсуі әбден мүмкін. Жөндеу жұмысін қайта іске қосқан кезде қысым көбейіп, шөгінді құм жоғары көтерілуі мүмкін», — дейді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры С.Ыдырысұлы.

Судың тазалығы — денсаулық үшін маңызды болғандықтан мұндай жағдайда абай болып, су мөлдірлік қалпына келмейінше пайдаланбау



керек. Ал судың жетпейтін, қысымының азаюын Серікбай Өмірзақов жүйелі түрде шешімін табатын шараларды қажет ететін мәселе деп түсіндірді.

Сонымен қатар жаз мезгілінде ауыз суды тұтыну 2 есе өсетінін, тұрғындар ауыз сумен бақшаларын суаратынын да тілге тиек етті. Мұның барлығы насос қондырғыларының жұмысын күшейтіп, ол өз кезегінде электр энергиясын көптеп тұтынуға алып келеді. Одан бөлек, техникалық су тасымалдайтын желі болма-

ғандықтан көптеп ашылған көлік жуу секілді орындарына да таза су беріледі. Депутат бұл шешімін табуы қажет ететін үлкен мәселе екенін айтты.

Осы орайда, Серікбай Ыдырысұлы тұрғындар да ауыз суды тиімді пайдалану керектігін естен шығармаған жөн дейді. «Суды тиімді пайдалану тұрғындарға тікелей байланысты. Күнделікті тұрмыста «бір тамшы суды үнемдеу — тек біз үшін қажет» деген ұғыммен өмір сүруіміз керек», — дейді ол.

P.S. Бір тұрғынның ауыз суды бақшаға пайдалануынан өзгесі қиындық көреді. Бұл олқылықты шешу үшін аяқ су мәселесін реттеу керек. Техникалық кемшіліктер, құрылғылардың бұзылу мәселесінің алдын алу да оңай деуге келмейтін мәселе. Дегенмен түйткілді мәселе шешімін табуы қажет.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Басы 1-бетте

## ШЫРАҒДАН



Заңғар жазушы М.Әуезовтің сөзімен айтар болсақ, «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім болмақ».

Қазақстанның білім беру жүйесі санға ғана емес, сапаға негізделуі – бүгінгі күн талабы. Мұғалімдер мен оқушылардың біліктілігін көтеруді жандандыру және білім сапасын жақсарту жолдары жүйелі жолға қойылып келеді. Бір сөзбен айтқанда, еліміздің болашағының бүгінгіден де жақсы болуына жағдай жасалады. Біз сөз еткені отырған білім ордасы қаладан қырық шақырым жерде орналасқан №39 «Қызылөзек» орта мектебі. Бұл мектеп білім сапасын арттыруды жолға қоюды басты мақсат етіп келеді. Себебі білім мен ғылымның дамуы – адамзат өркенінің өлшемі,

сапалы білім жарқын болашағымыздың кепілі екендігі айқын.

– Білім саласы үнемі жетіліп, жаңарып отырады уақыт өтеді. Біз өмір сүріп отырған қазіргі кезең – бұл жаңа дәуір, жаңа көзқарасты, жаңашылдықты талап ететін уақыт. Соның ішінде білім саласында болып жатқан жаңа өзгерістердің мәні мен маңызы зор. Бүгінгі мектеп табалдырығын алғаш аттаған еліміздің ең жас азаматтарына білімге ғажайып жол ашылуға, – дейді мектеп директоры Жәнібек Құлғазиев.



## АУЫЛ БАЛАСЫНЫҢ БІЛІМІ ҚАНДАЙ?



## ӨТКЕНГЕ СӘЛ ШЕГІНІС

№39 «Қызылөзек» орта мектебі «Айнакөл», «Қызылөзек», «Жаңарық» атты шағын колхоздардың халқын сауаттандыру мақсатында 1926 жылы Қараөзек станциясында ашылды. Ауылда ашылған білім ордасында алғаш директор болып Дүйсен Жұқабаев жұмыс істеді. Бүгінгі күнге дейін бұл қара шаңырақтан Қазақстанға белгілі ғалымдар, журналистер, өнер мен мәдениет қайраткерлері, белгілі еңбек озаттары шықты.

Бүгінгі білім ордасының зәулім ғимаратын 1996 жылы «Харикейн Құмкөл Мұнай» АҚ салып берген. Содан бері сыны да, сыры да кетпеген білім шаңыраты өз биігін байқатып келеді. Киелі шаңырақты 2016 жылдан бастап білікті басшы, жас болса да көшбасшы бола білетін Жәнібек Құлғазиев басқарып келеді. Жәнібек Райысбекұлының жас болса да бұл білім саласына сіңірген еңбегі аз емес. Қолына диплом алып арман қуып қалаға емес, өз туған жерін түлету үшін ауылға келді. Білім ордасында түрлі қызметті абыроймен атқарып, бүгінде білікті басшыға айналды.

## БӘРІ ДЕ БАЛАЛАР ҮШІН

Бұл бөбекжай–2009 жылы мектеп жанынан құрылған «Ақ Ерке» шағын орталығы. Мұнда мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілер бар. Бүлдіршіндерге ұлттық құндылықтар мен төл тарихымыз, ана тіліміз бен мәдениетіміз жайлы мол мағлұмат беріліп, бала бойына ізгілікті ұялатуда ілкімді істер атқарылып жатқанын көзімізбен көріп, көңілімізге тоқыдық.

– Балабақшада әр күн сайын төрт мезгіл ыстық тамақ беріледі. Медбике балалардың денсаулығын ұдайы назарда ұстап, қадағалап отырады. Ата-аналармен тренинг, эстафеталық жарыстар, ертеңгілік сайыстар тұрақты өткізіліп келеді. Кішкентайларымыздың жақсы тұлға болып қалыптасуына балабақшадан берілген тәрбие үлкен рөл атқарады. Сондықтан оларға дұрыс бағыт беру біздің борышымыз. Сол мақсатта отбасымен тұрақты қарым-қатынаста араласып, жүйелі жұмыстар жасап жатырмыз, – дейді мектеп директоры.

## «БІЛІМ – ИНЕМЕН ҚҰДЫҚ ҚАЗҒАНДАЙ»

Мектеп басшысы бізді мектептің тыныс-тіршілігімен таныстырды. Бір ерекшелігі, бұл білім ұясында мектеп мұражайы жұмыс істейді. Онда ауылдың тарихы өткеннің өнегесіндей сақтаулы тұр. Білім ордасында 75 мұғалім 453 оқушыға сапалы білім, саналы тәрбие беріп келеді. Айнакөл, Қараөзек, ауылдарының жоғары сынып оқушылары арнайы көлікпен тасымалданады. 2020-2021 оқу жылында 66 бала мектеп табалдырығын аттаса, 19 шәкірт ұлттық біріншілік тестілеуге әзірлік үстінде. Әлеуметтік аз қамтылған отбасы балалары күніне екі мезгіл ыстық тамақпен қамтылған. 15 оқу кабинеті, 1 мультимедиа, 1 информатика кабинеті бар. 10 кабинет интерактивті тақтамен жабдықталған. Білім ұясында соңғы үш жылда жеті «Алтын белгі» иегері шыққан. Бұл – ұстаздар қауымының өлшеусіз еңбегінің жемісі мен жеңісі.

Біз білім ордасына барғанда олар соңғы қоңырауға дайындық үстінде екен. Өткен жылы 22 оқушы мектеп бітіріп, оның 18 ҰБТ-ға қатысқан. Оның 13-і мемлекеттік грант ұтып алса, 5 оқушы «Алтын белгі» иегері атанған. Дәл осындай жақсы нәтижені мектеп ұжымы быыл да көрсете аламыз деп отыр. Бүгінде түлектер қызу дайындық үстінде.

## ДАРЫНДЫ ШӘКІРТ – БІЛІМДІ ҰСТАЗДАН

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Қазіргі таңда жаңа көзқарастағы жалынды жастар еліміздің жанару үдерістеріне белсене қатысып келеді. Алысқа қол сермеп, әлемдік деңгейдегі ұстанымды игеріп, келешектің кілтін өз қолдарына алуға.

Республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңінде этно-мәдениеттану секциясы бойынша Алтынай

Омарова, Дильназ Алпысбай Ш орын, ағылшын тілінен Салтанат Қайырбекова Ш орын алған. «Елбасы жолы» эссе байқауынан Зарина Омар Ш орын иемдесенсе, «Жүрегіміздің түбіне терең бойла» байқауында Алтынай Омарова Ш орын алған. «Древняя история гласит» байқауында Ақжан Бақыт Ш орын, Нұрсәт Ғани қалалық «Ақпараттандыру әлеміне саяхат» мультимедиялық фестивалде Ш орын иеленді.

Мектеп оқушылары инновациялық технологияларға машықтанып келеді. Робототехникалық құрылғыларды менгерген өнертапқыш балалар бүгінде түрлі олимпиадалардың жүлдегерлері. Соның бірі Нұрғали Кеңес «Техникалық шығармашылық және өнертапқыштар» жарысының қалалық кезеңінде «Радиомен басқарылатын көлік» номинациясы бойынша Ш орын алған. «Әлем таныған Абай» балалар мен жасөспірімдер байқауында Гүлсім Сұлтанова I дәрежелі дипломмен марапатталған.



«Ізденімпаз ұстаз» номинациясын жеңіп алған. «Тәуелсіздік – еліміздің ерлік жолы» жас ақындар мұшайрасында Д.Ахметқалиев бас жүлде иемденген. «Үздік жас маман – 2021» байқауында биология пәнінің мұғалімі Ж.Мұқанова алғыс хат берілсе, ақын М.Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойына орай «Поэзия, менімен егіз бе едің?» атты жас мамандар арасында Д.Ахметқалиев Ш орын алған. «Үздік көркем еңбек пәні мұғалімі-2021» байқауында Г.Жетпісбаева Ш орын, қалалық білім бөлімі құрмет грамотасымен Д.Тұрғанбаева, А.Абилова, С.Қалмағанбетова сынды ұстаздар марапатталған.

## ҚАЙЫРЫМДЫ ЖАННЫҢ ҚАДІРІ БИІК

Баланы жасынан жамандық жасамауға, әлсізге көмектесуге, жақсылық жасауға, мейірімді болуға тәрбиелеу – аға буынның міндеті. Мектеп ұжымы да осы қағиданы жүреді. Себебі оқушыларға үлгі көрсетіп, жақсылық жасауға үйретіп жүр. Мектеп ұжымы демеушімен бірге әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыға үйінің шатырын күрделі жөндеуден өткізіп берген. Себебі оқушының ата-анасы мүмкіндігі шектеулі жандар. Мектеп түлегі Әділ Игіліктің демеушілігімен ауыл мешітіне күрделі жұмыс жүргізілген. Оған мектеп ұжым өз үлестерін қоса білді.

## ОҚУШЫЛАР ҮЙІРМЕДЕ

Білім ошағында бірнеше үйірме мен ұйымдар үздіксіз жұмыс жасайды. Олар балалардың бос уақытын тиімді өткізуге арналған. Соның бірі – домбыра үйірмесі. Бүгінде мұнда 20 бала қазақтың ұлттық аспабында емін-еркін ойнап, өз өнерлерін көрсетіп жүр.

Сондай-ақ қазақ күресі үйірмесі де бар. Үйірме жетекшісі, қазақ күресінен спорт шебері Бақытжан Қайырбеков баланың барлығы таланты екенін жеткізді.

Білім ордасында «Әкелер одағы» мен жастар кеңесі, инбасты қыздар клубы белсенді жұмыс жасауда. Олар жас өрендерге бағыт беріп, ұлттық ойын түрлерін насихаттайды.

Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ

## ЖЕТІСТІГІ МОЛ БІЛІМ ОРДАСЫ

Заманға сай білім беру болашағы жарқын ұрпақты тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Осындай миссияны өз деңгейінде атқарып келе жатқан №39 «Қызылөзек» орта мектебі деп айтуға толықтай негіз бар. Мектеп мұғалімдері түрлі сайыстар мен олимпиадаларға үздіксіз қатысып келеді. Нәтижесі де жаман емес. «Оқушының өзінің қарапайым жылы лебізінмен сыйлата білмесен, құр қаталдықтан түк те шықпайды» деген Л.Н.Толстойдың сөзін мектеп педагогтары берік ұстанады. Себебі өзінің қарапайымдылығымен, мейірімділігімен және сауаттылығымен кез келген шәкірт жүрегің жаулай білетін ұстаз ғана жақсы нәтижеге қол жеткізе алады.

Қала бойынша «Үздік мұғалім – 2015» байқауында Л.Елубаева грант иегері атанса, дәл осыны грантты 2017 жылы К.Махамбетиярова, 2019 жылы Г.Бұрабаева жеңіп алған.

Облыстық «Қазақ жазуының тарихы және латын графикасы» қалалық кезеңінде Л.Сапаржанова Ш орын, республикалық «Дарынды балаға – талантты ұстаз» жас ұстаздар байқауында Д.Ахметқалиев Ш орын, қалалық «Үздік психолог» бай-

қауында С.Қалмағанбетова алғыс хатпен марапатталған. Қалалық «Үздік көркем еңбек пәні мұғалімі-2020» байқауында Л.Тұяқбаева



# БАЛАЛАРДЫ БАҚЫТҚА БОЛЕДІ



Жадыраған жаздың алғашқы күніне тұспа-тұс келетін төл мереке – халықаралық балаларды қорғау күні. Бұл мереке әлемнің барлық елінде аталып өтеді. Баланың күлкісі бәрінен қымбат. Оларға жыл он екі ай қуаныш сыйласақ та артық етпейді. Осыны ескерген «Фарматека» ЖШС-ның атқарушы директоры Равиль Гайниев балаларға қуаныш сыйлады. Ол көпбалалы отбасылардың балаларына 10 велосипедті тегін таратып, мәрттігін көрсетті.

Қайырымдылық – ізгіліктің нақты көрінісі, адамның асыл қасиеттерінің бірі. Адам өз ұрпағына қайырымдылық жастайынан үйретіп, адамгершілік қасиеттерге баулауға ұмтылады. Мұқтажы өтелген жанның қуанышын көру, батасын алып, ризашылығына бөлену шынында керемет сезімге бөлейтін де рас.

– Жер бетіндегі әр саби, әр бала бақытты болуға лайық. Әрқашан бейбіт күн нұрын төгіп, ашық аспан астында балалардың сыңарлаған күлкісі естіліп тұрсын. Барлық балалар азат елдің құшағында отаның,

арманшыл, бақытты болып құмыр кешің! Балалар – біздің болашағымыз. Бастаған ізгі істеріміздің жалғастырушысы, үкілеп ұшырған үміт-құсымыздың қанаты. Бүлдіршілерді мерекемен құттықтаймын, – деді «Фарматека» ЖШС-ның атқарушы директоры Равиль Гайниев.

Балғындар велосипед алғанда ерекше қуанышқа бөленді. Оларға велосипедпен қоса доп, басқа да спорттық заттар табысталды. Тізімдегі балалардың бәрі көпбалалы отбасыдан шыққан бүлдіршілер. Ата-аналар мен балалар естен кетпес мереке ұйымдастырғаны үшін өз ризашылықтарын білдірді.

– Бала – адам өмірінің жалғасы, тіршілігінің мағынасы, ата-ананың дүниедегі ең басты қазынасы. Жарық әлемдегі әрбір саби ата-ананың жүрегінің бір бөлшегі, көңілінің күні. Ата-ана биік бәйтерек болса, перзенттері оның жайқалған жапырағы іспетті. Расында да, ұрпақ өрбітіп, тіршілікте тамыр жаюды ниет қылған адамзат үшін бақыт пен қуаныш ұғымдары өзінің жанынан жаратылған баламен байланысты болып мәңгі қала беретіні ақиқат. Бүгінгі балаларға қуаныш сыйлап отырған кәсіпкерге айтар алғысымыз шексіз, – деді 9 бала тәрбиелеп отырған алтын құрсақты ана Шолпан Санмова.

Қайырымдылық қоғамға қажетті құндылық. Жақсы істің жаршысы болып келетін қайырымды жандардың бірі Равиль мұнымен тоқтап қалмақ емес. Алдағы уақытта да балаларға қуаныш сыйлауға дайын.

«Жерде бір бала қуанса, көкте жүз періште қуанады» дегендей, төл мерекелерінде бөбектер үлкендердің көрсеткен қамқорлығына мәз мейірам болды.

Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ

## АДАМНЫҢ БІР ҚЫЗЫҒЫ БАЛА ДЕГЕН...

Бала – біздің барымыз, болашағымыз, келешек қоғам мен отанға қызмет ететін ел перзенті. «Артында қарайып ұл қалсын, шаңырағымның шырағы жансын» – деп өмірдің мәнін баламен байланыстырған бабамыз ұлттық тәрбиені де ұрпақпен ұштастырған. Сәби дүниеге келген сәттен бастап он-солын ажыратар азамат болғанша, тіпті орта жасқа қадам басып, ел ағасы болғанша «өмір шамын» ұстатып бағыт-бағдар берген. Қысқасын айтқанда, ағатайын аңдаусыз, қарақөз қарындасын қадағалаусыз қалдырмаған қазақ өмірдің бар ғажабын баламен өлшеген. Десең те, күйбең тірліктің күрмеуімен балдырғанына уақыт таппай, ауылдағы атасы мен әжесіне беруді тағы мақұл көрмей ақылы балабақшаларға беретіндер бар. Пайдасы да жоқ емес. Көреді, таниды, ұмтылады тағысың тағы... Сәйкесінше, таңбалап айтар кемшіл тұсы «ұят болмасынның» көлеңкесіне бар қымбатты жапсырамыз, жамаймыз. Жалған намыстың жетегінде кетіп балдырғанды бақталастыққа баулып жатқанымызды байқамай да қаламыз.

Бала – ата-ана ғұмырының жалғасы, берекенің, отбасы ынтымағының, бақыттың бастауы. «Шілдехан-бесік той, тұсау кесу-сүндет той, пай шірік-ай» деп әнге қосқандай баласының осы



көзненің әрбір сатысына арнап той жасап, оның қызығына тоймай ескеріп, думандатып жататыны соның дәлелідей. Сонымен қатар ата-ананың парызы мұсылман әлемінде қасиетті міндеттерді белгілеген. Біріншісі – балаға жақсы есім қою. Екіншісі – балаға сүндеттеу. Үшіншісі – баланы оқыту, білім беру, жақсы тәрбие беру. Төртіншісі – балаларын үйлендіріп, қыздарын құтты орынға қондыру.

Әрбір салауатты ата-ана осы төрт парыздың әрбіріне ерекше мән беріп, аса зор жауапкершілікпен орындайды. Қара топыраққа сүңгі аунап қолына ұстаған бір үзім наным күммен

қоса қышырлата жеген аға буынның балалық шағы мен маңдайына шыбын қонса «мамалап» жүгіре жөнелетін бүгінгінің ақ саусақ балақайларының арасы жермен көктей.



Аяғына жұққан шаңды көзге ілмек түгілі таңмен таласа оянып, қант пен бір үзім нанды ұрлана алып ойынға кеткеннен күнді ұжына батырып бір ақ келетін баланың таным-түсінігі де әлдеқайда ерекше. Олай дейтінімізге аңғалдығы, адалдығы, көпшілдігі мен кең пейілділігі себеп.

Иә, байқағаныңыздай қазіргі бүлдіршілердің ойлау аясы, ойын қызығы мен бар ермегі ұялы телефонмен ғана шектелуде. Көңілі тыныш болсын, қырылық көрсетіп, қиғылық салмасын деп, тіпті бас-басына алақандай смартфон алып бергендеріміз де аз емес. Сымыз байланыс құралына жіпсіз байланып отырған бүгінгі балақайдың ертені қалай болмақ?..

«Балаңды бес жасқа дейін патшандай күт, бес жастан он үш жасқа дейін құлдай жұлса, он бес жастан кейін досыңдай сырлас» деген даналық сөз бекер айтылмаса керек-ті. Бала тәрбиесіндегі кейбір қателіктер ата-анадан кетіп жатады. Ата-анасынан ала алмаған мейірім мен көзқарасты айналдасымдағылардан, ортасынан іздейді.

Тәрбиенің тал бесігі – отбасы екендігін естен шығармағанымыз абзал. Отбасы үлкен ағаш, ондағы тәрбие мен тәжірибе болашақтағы алып бәйтеректің бастау тамырындай болмақ. Ал әдеп пен ибаны, білім мен тәрбиені саби шағынан сіңіріп өскен парасатты балдырған сол алып ағаштың мәуелі жемісі іспетті.

Жәмилә ЕРМАХАН,  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің  
III курс студенті

Түрлі-түсті, түрлі пішіндегі силиконнан жасалған ойыншықтардың жарнамасына қарамай-ақ алып жатамыз. Бір қызығы, мұндай ойыншықтар сұранысқа ие. Балалар арасында тіпті үлкендерге дейін қызықтырған, қазіргі тілмен айтқанда «хит» болған спиннер – ойыншығы. Яғни «саусаққа арналған жаттығу құралы». Аталған ойыншықтың түрлі заттардан жасалатынын аңғарсақ, бүлдіршіні көзін, қолын жаракаттап алуы мүмкін екені белгілі. Одан бөлек: слайм, поп-ит, симпл-димпл, лизун секілді жүйке жүйені тыныштандырар дүниенің көптігі қызықтырады. Алайда олардың зиянын ешкім зерделеп



## ОЙЫНШЫҚТЫҢ ДА ОЙЫНШЫҒЫ БАР

жатқан жоқ. Кішкентайлардың тынышталғанына риза боламыз. Бұл ойыншықтардың арасында, қазіргі уақытта сұранысқа ие бірден бір ойыншық – поп-ит пен симпл-димплдың қауіпі әлдеқайда жоғары екендігін психологтар дәлелдеп отыр. Себебі интернет дүкендегі бұл ойыншықтың анықтамасында «Аутизммен ауыратын бүлдіршілерге арналған сенсорлық ойыншық» – деп жазылған. Ал оның сапасыз материалдан жасалған арзан баламалары жүйке жүйесіне ғана емес денсаулыққа зиян тигізуі мүмкін. Тіпті бұл ойыншықпен жалғыз, ережесіз, ойнаған баланың түрлі депрессияға түсуі қауіпі де жоқ емес... Психолог, «Vilim foundation» қоғамдық қорының аймақтық өкілдігінің басшысы Жұмағұл Тасболатқызы «Бұл ойыншықтар қалыпты балалар үшін тұрақты ойыншыққа айналған жағдайда қауіп тудыруы мүмкін. Себебі ойыншықтардың анықтамалығына назар аударсақ аутизммен ауыратын балаларға арналған сенсорлық ойыншық екені анық көрсетілген. Бізге ата-ана ретінде дүкен сөрелерінде тұрған мұндай ойыншықтардың түпнұсқасы мен баламасын айыру қиын. Сол себепті бұл ойыншықтар тек психикаға емес бала денсаулығына зиян. Түрлі-түсті көз тартатын түсте,

пішінде поп-ит, симпл-димпл, лизун деп аталып, қоғамдағы балалар ойыншықтары ішінде соңғы уақытта өтімді тауарға айналған ойыншықтардың логикаға салып қарағанда бала дамуына ешқандай пайда әкелмейтінін байқауымыз. Ойыншықпен ойнау барысында бір қимылды қайталай беретінін ескерсек, қимыл кейін әдет болып кетуі әбден мүмкін. Үлкендер арасында антистресс деп атайтын ойыншықтар ешқандай пайда әкелмейді деп айта алмаймын. Керісінше жалғыз ойнауға, бір нүктеге тапқымай қарап отыруға үйрететін ойыншық депрессияға алып келуі мүм-

кін» – деп пікір білдірді.

Сондықтан психологтар бұл ойыншықты балаларға алып бермеу керектігін айтып дабыл қағды.

Бүгінде мұндай ойыншықтар кез келген дүкенде толып тұр. Балаларға арналған ойыншықтар сататын дүңгіршектердегі сатушының бірі Ақсұлу Пірназарова: «Поп-ит, симпл-димпл ойыншықтарын алыпсатарлардан көтерме бағаммен аламыз, балаларға ешқандай зияны жоқ, түрлі-түстілігімен, саусақпен басқанда шығатын дыбысымен ғана тұтынушылардың қызығушылығын оятады. Өзіме келген бұл ойыншықтарды тұтынушылардың барлығына дерлік ас содасымен салқын суға жуып алып барып ойнатуын кеңес етемін, келушілерге ашық көрсетіп, жағымсыз иісі жоқ екендігін тексеріп алуларын сұраймын» – деп жауап берсе, енді бірі «Тікелей тапсырыспен алдырамын, алыпсатарлардан алсам әлдеқайда қымбатқа түседі де саудадан ұтыламын. Бұл антистрессік ойыншықтар қала базарына алғаш келгенде 600 теңгеден бастап сатылымға шықты. Ал қазіргі бағасы 1000, 1500, 1700 теңгеге дейін көтерілді» – деп жауап берді.

Жәмилә ЕРМАХАН,  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің  
III курс студенті

Басы 1-бетте

### ТАНЫМ

## ҚАРЛЫҒАШҚА ҚИЯНАТ ҚЫЛМАҒАН...

Осы көктемде нағашымның ауылына бардым. Ол жақтағы қара шаңырақ шағын болса да іші берекеге толы. Бірақ үй ескірді. Ескі үйді үлкендер бұзғысы жоқ. Өйткені бұл көпті көрген ата-әжемнің көзі еді. Содан балалары сыртқы бөлмесін ғана бұзып, қалғанына жөндеу жүргізіп, ескінің жанынан жаңа үй көтеруде.

Әрине, тірі адам тіршілігін жасай береді. Жақында ауылға тағы бет алдым. Сойтсем, ағаларым тірлікті тоқтатып қойыпты. Неге десеніз, сыртқы кіре беріс бөлменің төбесіне қос қарлығаш ұя салып жатыр екен.

– Жұмысты енді бастағалы отыр едік, қарлығаш ұя салуда. Сосын жұмыртқалап балапандарын ұшырғаннан кейін жалғастырамыз деп шештік. Өйтпесе қарлығаштарға қиын ғой, – деді нағашы ағам. Іштей көңілім жылып қалды. Дерек құстардың ұясына қарай бардым. Расында, екі қарлығаш өзінің тірлік етуде. Сүп-сүйкімді қос құс бірінен соң бірі аузымен батпақ тасып, ұясын салуда.

Өлгі қос құстың қызу тірлігіне қарап отырып, бала кезімді сағынышпен еске алдым. Балалық

шақта «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» деген мультфильмді көріп өстік. Осы бір кішкене құсты барша адам баласы жақсы көреді емес пе?! Шыны керек, өзі адамға өте жақын. Басқа қанаттылар бізден қорқып, үркіп қашып жүреді. Ал қарлығаш болса паналайды. Үйіңіздің ішіне үйін салып, балапандарын қанаттандырып ұшырады. Адамдар да оған тиіспейді. Бір сөзбен айтқанда, ол – адамның досы, жанашыры, қай кезде де қамқор болып жүретін адал құс.

Қазақ баласы қарлығаштың ұясын бұзбайды. Себебі оны киелі деп есептейді. Содан да болар, құс әр шаңыраққа еркін кіріп ұшып жүре береді. Дегенмен соңғы уақытта бұл құстың саны азайып бара жатқандай... Әсіресе қалада тым сирек көреміз. Ұя салуға қамданған қарлығашты, есігін айқара ашқан үй інісін де көрмейтін болып барамыз. Есіктер жабылды, құс та өз панасын іздеп кетті. Осы тұста айта кететін бір мәселе, адамдардың пейілі жайлы. Соңғы кезде үйдің айналасын биік етіп қоршаған адамдар құсты паналатпақ түгілі, көршіні де көрмейді. Тіпті танымалытын дәрежеге жетті.

Ал бұрын қандай едік?

Дарқан көңілді қазақтың қай шаңырағы болсын, барлық жаңға бірдей ашық болған. Бір-бірінің үйіне еркін кіріп-шығып жүрген соң құстарға да орын табылатын. Қазір адамдардан мұндай кендікті, жанашырлықты көрмейсіз. Мұны құс та сезгендей...


Қарлығаш – қазақ ұғымында пейіштің құсы. Білетіндердің айтуынша, ән салатын құстың көмейі қасиетті Құран сүрелерін шырайымен көрінеді. Ел аузында Ескендір Зұлқарнайынды қарлығаш пәле-жала, қауіп-қатерден сақтапты деген тәмісі бар. Бұл құс екі екі соқыр болып туған балаларға арнап көкнәрдің сөлін жияды дейді. Қарлығаш қанатының түсі түнек пен жарықтың белгісі деседі. Міне, кішкене ғана құстың киесі осында...

Тіпші түйіні:

Енді жақын күндері нағашымның үйіндегі қарлығаштар балапандарын ұшырады деп асыға күтуде. Қандай тамаша десеніңіз! Қарлығаш үйге ұя салса ол үйге береке кіреді деген наным бар. Соны түсініп, қарлығашқа қиянат қылмаған



нағашы ағам да, қасиетті құстардың аман-есен қанаттанып кететіндеріне қуанып қалдым. Шіркін, адам жүрегі үнемі осындай жылылыққа



толы болса ғой. Ниет тарылмасыншы, адамдар...

Биыл сәуір айында мен Тереңөзек ауданына келін болып түстім. Біз тұратын үйдің жеті бұрышына қарлығаштар ұя салып тастапты. Әрқайсысы өзінің тіршілік етуде. Күнде соларды бір бақылап қоямын. Ал даусын айтсаңызшы... Керемет. Мен мұны жақсылыққа жорыдым...

Ақтөлкын НҰРЛЫБАЙ

Меншік иесі:



жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт  
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т. Жұргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-1.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Аптаасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтінін, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, жауапкершілігін өзіне алуын ескертіледі.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқарушыдағы «Сыр мөлді» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4843 Тапсырыс №779

Нөмірдің кезекші редакторы Аслан НҰРАЗҒАЛИ